

Педагогика, оқыту әдістемесі

Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Көру (визуальды), есту (аудиалды) құралдары арқылы оқушылардың сезім мүшелеріне әсер ететін оқыту принципі
 - A) мақсаттылық
 - B) жүйелілік
 - C) көрнекілік
 - D) түсініктілік
 - E) белсенділік
2. Мектеп жағдайында пайдаланып, арнайы құралдармен жабдықталған кабинеттерде мұғалімнің басшылығымен оқушылардың табиғи құбылыстарды, заттарды зерттеуді қамтитын оқыту әдісі
 - A) кітаппен жұмыс
 - B) бақылау
 - C) баяндама
 - D) лабораториялық жұмыс
 - E) жаттығу
3. Зерттеушілік әңгіме жүргізу кезіндегі оқушылар әрекетін көрсетіңіз
 - A) мұғалімнің пікірін құптайды
 - B) идеялары бағалана бермейді
 - C) пікірлерінде алшақтық сақталады
 - D) әрқайсысы өз шешімдерінде қалады
 - E) айтқандарын дәлелдейді
4. Бағалау мақсатында жүргізілген қадағалау нәтижелерінің интерпретациясы
 - A) оқушының берілген сұраққа жауабын тыңдау
 - B) оқытудың келесі кезеңдерін жоспарлау
 - C) алынған мәліметтердің мәнін анықтау
 - D) оқушының келесі даму бағытын айқындау
 - E) енгізілген өзгерістердің тиімділігін бағалау
5. Іс-әрекеттегі зерттеу үдерісін оқу үдерісіне ықпалдастыру нәтижесі
 - A) пәндерді өзара кіріктіруді жақсартады
 - B) әдістемелік бірлестік жұмысын жүйелейді
 - C) білім стандарттарының өзгерісіне әкеледі
 - D) оқушының оқу тәжірибесін жақсартады
 - E) педагогиканың жаңа заңдылықтарын анықтайды